УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5 Каз)
С 89

Рекомендовано в печать Ученым советом Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

Редакционный совет:
Х.М. Абжанов (ответственный редактор), С.О. Смагулова, Н.А. Атыгаев, К.С. Алдажуманов, Д.А. Рахымкулов

Составители:
к.и.н. С.А. Асанова, А.Н. Конкабаева

Сулейменов Р.Б.
С 89 Избранные труды / Р.Б. Сулейменов. Т. 2. – Алматы: Изд-во «Елтаным», 2015. – 360 стр.
ISBN 978-601-7348-85-4
ISBN 978-601-7348-93-9

Второй том избранных трудов Р.Б. Сулейменова состоит из статей, написанных ученым в разные периоды жизни и отражающие многообразие научных интересов Рамазан Бимашевича Сулейменова. Большинство из них, выпущеные небольшим, тиражом к сегодняшнему дню представляют библиографическую редкость.

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5 Каз)

ISBN 978-601-7348-93-9 (Т. 2)
ISBN 978-601-7348-85-4

© Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, 2015

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНЕВ

Темірбек Қараұлы Жүргенев 1898 жылғы ноябрьде Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданындағы Басықарақопа (Ырғыздан 200-300 километр) дейтін жерде, қазір «Жабасақ» совхозы орналасқан, бұрынғы Қуан деген ірі байдың ауылында туған. Темірбектің әкесі Қара Жүргенев Қуанның немересі болатын, ол өз семьясымен туған ауылымен бірге көшіп-қонып жүрді.

Қуан ауылы көктемде, жазда жоғарыда аталған Ырғыз уезінің Басықарақопа дейтін жердегі Орскіге жақын жайлауға көшетін. Күзде Қуан ауылы Перовскіге (Қызылорда) жақын, Сырдария бойындағы өзінің тұрақты қыстауына көшіп келетін. Қазір бұл жерді Қызылорда облысының Жалағаш ауданындағы «Жаңа талап» совхозы мекендейді. Осы жерде ол ауыл мектебіне алғаш рет оқуға барды.

Ауыл мектебі ол жылдары тіпті көріксіз болатын. Балалар шымнан салынған жер кепеде, немесе, киіз үйде, еденде отырып оқитын, олардың ешқандай оқулықтары, ешбір арнаулы оқу-құралдары болмайтын. Оқудың бүкіл мәнісі – мағынасына ешбір түсінбестен құранды жаттап алу. Көп жағдайда дінге сенушілердің өзі де не оқытып, не қойғанын түсінбейтін, өйткені шала сауатты болатын. Егер осы ауыл мектебіне сол кездегі білімді адамдардың бірі, әрі талантты ақын Тұрмағамбет Ізтілеуов сәті түсіп мұғалім болып келмеген болса, Темірбектің білім алу жолындағы қадамының қандай боларын кім білген?

І. Тұрмағамбеттен оқып, білім алу Т. Жүргеневтің көкірегінде терең із қалдырды. Ол Шығыс поэзиясы саласында әрі жақсы, әрі терең білім алды, көркем әдебиетке деген белгілі бір көзқарас пен эстетикалық мағлұматқа ие болды және сонымен бірге өз халқы алдындағы азаматтық борышын да терең сезінгендей болды. Ә. Новаидың, О. Хайямның және Орта Азия мәдениетінің басқа да демократияшыл қайраткерлерінің идеяларымен тәрбиеленген ағартушы ақын өзінің шәкірттеріне осы идеяларды үйретпей отыра алмады. Кейін Темірбек Тұрмағамбетті есіне алғанда, ол жайында былай дейтін: Тұрмағамбет ақын нәзік жанды, қайырымды адам болатын, ал оның ең басты қасиеті – күнделікті тұрмысқа байланысты мәселелерді шешудегі тамаша әділеттілігі. Ол тәкаппарлықты, өзінің әл-ауқаты, шыққан тегі, мансаптығы, босқа